ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 12 маусым №4712-24-00-2/1792 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ш.Тленов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «Фариза Оңғарсынова атындағы №29 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «РусТур» басшысы Рустам Калманович Мендгалиев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «Фариза Оңғарсынова атындағы №29 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «РусТур» басшысы Рустам Калманович Мендгалиев мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «РусТур» басшысы Рустам Калманович Мендгалиевтен мемлекеттің пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Ш.Тленов

Көшірмесі дұрыс

Судья А.Ш.Тленов

Анықтама.Шешім заңды күшіне 26 шілде 2024 жылы енді.

Судья А.Ш.Тленов